



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№8 (597)
27 ақпан,
2025 жыл



ҰЛТ БІРЛІГІН НЫҒАЙТҚАН
ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ

МЕЙІРІМІ

Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген 1 наурыз – Қазақстан үшін ерекше мереке. Бұл – елдің тарихымен біте қайнасқан, халықтың татулығы мен бауырмалдығын дәріптейтін Алғыс айту күні. Кезінде қазақ жеріне тағдыр айдап келген түрлі этнос өкілдері осы күні кең жүректі қазақ халқына шынайы ризашылығын білдіреді.

Бұл мейрамның астарында терең тарих жатыр. Қутын-сүргінге ұшырап, туған жерінен күштеп көшірілген миллиондаған адам үшін Қазақстан аман калудың соңғы үмітіне айналған еді. XX ғасырдың ауыр кезеңдерінде Кеңес билігінің шешімімен Солтүстік Кавказ халықтары, немістер, корейлер, поляктар және басқа да ұлттар туған жерлерінен күштеп көшірілді. Тарихи деректерге сүйенсек, 1946 жылға қарай КСРО бойынша жер аударылған халықтың жалпы саны 2,5 миллионнан асқан. Оның ішінде 1,2 миллионы Қазақстанға жіберілді.

8-бетте

1 наурыз – Алғыс айту күні

Рамазан – рақым айы

Күллі мұсылман асыға күткен Рамазан айы да жақындап қалды. **Бабаларымыз ежелден-ақ бұл айды «Он екі айдың сұлтаны» деп атаған. Рамазан айында адамзат баласына қасиетті Құран түскен. Нәпсі тәрбиеленіп, күнәлар кешірілетін осы мерзімде мың айдан да қайырлы Қадір түні бар.**

Алланың разылығы үшін ораза тұтып, ғибадат еткен әрбір жан бұл айдың ерекшелігін алғашқы күннен-ақ сезінеді. Адамдар арасында мейірімділік пен бауырмалдық арта түскенін байқайсың.

Байқауымызша, жастардың арасында ауыз бекітіп, сауапты істерге ұмтылып, тарауих намаз оқып, жақындарына сыйлық ұсынатындардың қатары көбейе түскендей. Тіпті үйді Рамазан айына сай безендіру де белең алды. Бұл әсіресе балаларға ерекше атмосфера сыйлайды. Бір-бірін ауызашарға шақырған туыстар мен достардың берекелі дастарханға жиылғанын, сыйластықтың артқанын әлеуметтік желіден де жиі байқай түсеміз.

Рамазан – Алланың мұсылман жұртына жасаған үлкен тартуы. Пайғамбарымыз бір сөзінде: «Кім рамазан айының оразасын шын иман және ықыласпен ұстаса, оның бұрын істеген күнәлары кешіріледі», – деген. Жаратушы пендесінің бүкіл күнә-кемшілігіне қарамастан, рақым нұрын төгетін бұл ай рухани жаңару, тазару уақыты.

Бұл дүниенің соңы болатыны, жасаған жақсылығың мен жамандығың, он немесе теріс ниетің, кішіпейілдігің мен тәкаппарлығың сарапқа салынатыны ақиқат. Демек ораза иманнан туындайды.

Осы айда мұсылман адам

күнәдан алыс жүріп, жанжал туындаса «мен оразамын» деген бір ауыз сөзбен өзін сабырға жеңдіреді.

Он бір ай төпелеп келген нәпсіні тізгіндеп, құлағы мен көзін де жамандықтан тыйады. Тоңазытқыш толы тамаққа, бір жұтым суға қол соза алмай, Жаратушының алдында қаншалықты әлсіз құл екенін сезіне түседі.

Құдси хадисте Алла Тағала: «Аузы берік адам ішіп-жеуін тек менің ризалығым үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлымның арасындағы риясыз ғибадат. Оған берілетін сый-сауапты

Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеуден шыққан ауыз иісі Мен үшін миск әтірінен де тамаша», – деп оразаның зор сауабынан хабар беріп сүйіншілеген.

Жастардың арасында «оразаның мағынасы қандай, кімдер ораза тұтуы қажет?» деген сұрақ туындайтыны рас.

Бұл туралы дін өкілі Бағыржан Мансұров Ramadan.muftiyat.kz сайтындағы мақаласында былай деп жазыпты.

«Алланың әміріне итағат еткен барша мұсылман бір ай бойы ораза тұтады.

8-бетте



Коллаж: «АК»

«STEPPE & WORLD PUBLISHING»:
БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚША
КІТАП
ІЗДЕУДЕН ТУҒАН
ИДЕЯ

5

Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ?!

Н.Хикмет

БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП...

– Қазіргі жастар орын беруді білмейді, ә?..
– Бұлардың жұмысы «қиын» ғой, шіркін...
Қашан көрсең шаршау, өз аяқтарына өздері сүренеді де жүреді...

Бұл қоғамдық көлікте бір-біріне сүйеніп ұйықтап отырған студенттердің жанында тік тұрған орта жастағы қос тәтейдің әңгімесі. Расында ұйқысы шала, қоғамда белсенділігі төмен, білім-ғылым, әдебиет-мәдениет, өнер, спорт атаулының ешбіріне қызығушылығы жоқ жастар араның арасында қаптап жүр. Тіпті мақсатсыз жүріс пе дерсің... Біз сонау мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап белгілі бір мамандық иелеріне еліктеп, «мен журналист боламын, мен мұғалім боламын, мен дәрігер

боламын» деп өскен ұрпақтың соңғы буыны секілдіміз. Себебі бүгінде әне-міне түлеп ұшқалы тұрған оқушы түгілі, мектепті әлдеқашан тәмамдап, ЖОО-да оқып жатқан студенттен «осы мамандық жаныңның қалауы ма?» деп сұрай қалсаңыз әрбір үшіншісі селқос қарап, «негізі ... болғым келмейді, балл жеткеніне түстім» не болмаса «ата-анамның кеңесімен таңдадым» дер еді. Сабағына шала ұйқымен шауып баратын студенттер мен жоғары сынып оқушылары, яки Мағжан сенген жастар «қалындап» тұрар шағында неге бойкүйез болып барады? Осы тақырыпта ой қозғап көрелік.

2-бетте



ҚАТЫРМА ҚАҒАЗ – МІНДЕТ ПЕ, МҮМКІНДІК ПЕ?



– Биыл дипломы бар жас маман атанасың. Жұмысқа тұрып, «адам боламын» дейсің ғой.
– Жоға, мұғалім болмаймын.
«Дипломсыз адам болмайсың» деген соң ғана амалсыздан 4 жыл оқыдым. Күзде менеджерлік мансапты бастаймын. Танысың болса, барлығы оңай...

Бұл – бүгінгі жастардан жиі еститін шынайы жауап. Біз де бұған аялдамада куә болдық. Бір кездері «оқыды деген қағазың болмаса, жұмысқа да алмайды» деген түсінік қалыптасқан еді. Сонда бұл заманның өткені ме, әлде

біз ғана сол түсінікке байланып отырмыз ба?

БЕДЕЛДІН БЕЛГІСІ,
ӘЛДЕ ҚҰР ҚАҒАЗ?!

Елде 625 мыңға жуық студент бар. Оның ішіндегі 183 мың білім алушы оқуға биыл табан тірегендер. Енді елестетіңізші, осы 183 мың студенттің басым бөлігі бірнеше жылдан кейін «Дипломсыз-ақ жұмыс істеймін» десе, кезіндегі құнды құжаттың күнсызданып, құр қағазға айналғанын дәлелдемек. Бұл ретте қоғамдық пікірдің қай бағытқа өзгергенін білу қажет.

Мәселен, 2-курс студенті Әсел Нығманова ізденіс, практика мен білімді жетілдіру дипломнан да маңызды екенін айтады.

– Қазір сұраныс өзгерді. Дипломың бар ма, жоқ па – маңызды емес. Бастысы – дағды мен қолыңнан келетін жұмыс. Университеттегі білім көбіне базалық деңгейде шектеліп қалады. Егер тек диплом алып шығуды ойласақ құрдымға кетеміз. Ізденбесек, теорияны практикамен ұштастырмасақ, диплом көмектеспейді. Себебі жұмыс берушіге де тәжірибелі жас маман керек, – деді ол.

4-бетте

Басы 1-бетте

БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП...

Халық жазушысы Ғабит Мүсірепов «Жастарға тоғышарлық, бойкүйездік дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады» деген еді. Бірақ бүгінде жастардың бойкүйездікке бой алдыруы мен енжарлыққа етене жақындығы жиі айтылатын мәселелердің бірі. Дегенмен бұған түрлі әлеуметтік, психологиялық, экономикалық және мәдени факторлардың да әсері барын ескергеніміз абзал. Сондықтан аталған мәселенің себептерін талдап, шешу жолдарын қарастыру сіз бен біз үшін басты міндет.

– Қызылорда қаласында статистикалық мәліметтерге сәйкес 2024 жылы 358 235 халық болса, оның ішінде 101 020 адам 14-34 жас аралығындағы жастарды құрайды. Бұл қала халқының 28,1 пайызы. 2024 жылдың тамыз айындағы мәліметтерге сәйкес Қызылорда қаласында NEET санатындағы жастар саны – 2 489 құраған. Қалалық жастар ресурстық орталығының қызметін аталған жылы 8 130 жас пайдаланды. Орталық мамандарынан кеңес алған жастар саны – 4 015. Олардың сұранысына сай орталықта Wi-Fi желісі, коворкинг, спорт секциялары, креатив фото-видео студиясы, би залы, түрлі ұйымдарға арналған кабинеттер тегін қызмет көрсетуде, – дейді қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев.

Бұл қаламыздағы өткен жылғы көрсеткіш. Ал облыс көлемінде NEET санатындағы жастар саны бүгінде 5078-ге жетіп жығылған.

Шынында да «Жастар орталығынан» бастап кітапханаларда, көптеген мекемеде жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі клубтар, үйірмелер жұмыс істеп, сайыстар мен іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Дегенмен мұнда келуші жастар қатары саусақпен санарлық. Жок, ұйымдастырушы тарап хабарландыру, құлағдар ету, шақырудан ешқашан жалыққан емес. Әлеуметтік желіде барлық платформада парақша жүргізетін орталықтар жас буынның қызығушылығын ояту үшін енді қайтпек керекін білмей дал.

– Қиын кезеңдер мықты адамдарды тудырады. Жақсы кезеңдер әлсіз адамдарды дүниеге әкеледі. Қазіргі уақытта жастарға керектің бәрі бар. Тіпті ештеңе істемей, ешқандай іс-қимылсыз-ақ үйде отырып телефонмен тамағына тапсырыс берсе, есігінің алдына дейін әкеп беріп жатыр.



Үйдегі тазалық, барлығы гаджеттің мойнында. Соның кесірінен бүгінгі жастар ештеңеге құлықсыз, енжар болып бара жатқандай меңі ойымша. Барлығы дерлік әлеуметтік желіден тәлім-тәрбие алып жатыр. Батысқа қарайды, Еуропаға қарайды, басқа елге, басқа ұлтқа еліктейді. Түптеп келгенде өз салт-дәстүріміз ұмытылып, жасы үлкенге құрмет көрсету де қалып барады. Бірақ әлі де үміттімін. Түбі бір жақсылық болатынына сенемін, – дейді белгілі жаттықтырушы Мұхит Амантаев.

Бұл пікір көптің көкейінде жүрген көлдей сауалдың шет-жағасы ғана. Ақиқатында әрбірін жіпке тізіп айта берсек, алдыңғы буынның жастарға деген өкпесін өлшеп біту мүмкін емес. Дегенмен қай дәуірде болмасын алдыңғы буынның жас буынға көңілі толмайтыны тағы бар... Себебі неміс психологы Эрвиннің зерттеуі бойынша бүгінде бір ғасырда бес түрлі ұрпақ өмір сүріп келеді екенбіз. Атап айтсақ, белгілі бір жылдар аралығында дүние есігін ашуына қарай оларды бәби-бумерлер, миллениумдар, Z ұрпақ пен альфа ұрпақтар деп жіктеп қарастырамыз. Айналасында он адам болса, он түрлі пікір, он түрлі көзқарас

болуы заңдылық. Ал дәуір ауысып, ұрпақ алмасып жатқанда адамзаттың ойлау деңгейін орнықтыру, көзқарасын бір арнаға тоғыстыру әсте мүмкін емес.

– Өрине, жастарды жүз пайыз белсенді деп айта алмаймыз. Сәйкесінше барлығына бірдей бойкүйіз деп те баға бере алмаймыз. Себебі шетел асып, ғылым жолында жүрген, халықаралық түрлі олимпиадалардан жеңіспен оралып жатқан жастар бар. Мәселен, біздің оқу орнымызда да жаһандық жарыстардан орын алып келіп жатқан студенттер бар. Олимпиада дейсіз бе, референдум дейсіз бе, сайлау дейсіз бе, жалпы елімізде не өтсе де бірінші болып күш салатын ол – жастар. Сондықтан мен жастарды жүз пайыз болмаса да, 70-80 пайызы белсенді деп айта аламын, – дейді Таннүр есімді ҚазҰУ студенті.

Иә, сыңаржақ пікірмен көпке топырақ шашып, негізсіз айыптаудан аулақпыз. Мәселенің туындау себебіне майшамен үнісек ақиқатында бұнда жас буын ғана емес, тұтас қоғамның кінәсі барын байқаймыз.

Біріншіден, өмірлік мақсаттың, нақты бағыттың жоқтығы жас адамның бойкүйездікке түсуіне

ықпал етеді. Қазіргі ағылып жатқан ақпараттар ғасырында жастарға көп мүмкіндік ұсынылғанымен, оларды таңдау қиынға соғады. Көп жағдайда өз бойындағы күш-жігерін қай салаға бағыттау керектігін білмейтін жас буын әртүрлі бағытқа шашырап, шаршап, нәтижесінде ешбірінде табысқа жете алмайды. Айналасындағы өзгерістерге бейімделе алмаған жас өз орнын таба алмай, енжарлыққа бой алдырады. Сондықтан оларға дер кезінде дұрыс бағыт-бағдар беру маңызды. Өзін-өзі таңдау көмектесу арқылы олардың бойындағы қабілеттерін ашуға жағдай жасау қажет.

Екіншіден, бүгінде жастардың басым бөлігі көп уақытын әлеуметтік желілерде өткізеді. Бұл виртуалды әлем олардың шынайы өмірден алшақтауына, өзін өзгелермен салыстырып, мотивациясын жоғалтуына әкеледі. Әлеуметтік желілердегі жалған идеалдар мен сән-салтанатқа толы өмір көріністері оларды өз мүмкіндіктеріне сенбеуге итермелейді. Осының салдарынан жас ұрпақ шынайы өмірде белсенді әрекет жасаудың орнына, әлеуметтік желілердегі жалған идеалдарға еліктеп, жалған өмірді көруге әуестенгіш.

Әлеуметтік желілерді дұрыс бағытта қолдану арқылы оларды пайдалы білім алуға, жаңа дағдыларды игеруге үндеген жөн.

Үшіншіден, отбасылық қолдаудың аздығы немесе оның мүлдем болмауы – жастар енжарлығының тағы бір себебі. Көптеген жасөспірім ата-анасымен ашық сөйлеспейді, ішкі сезімдерін бөлісе алмайды. Сонымен қатар, қоғам тарапынан да жастардың дамуына жеткілікті көңіл бөлінбеуі олардың белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Жасөспірімдер ата-анасынан қолдау көрмесе, өздеріне деген сенімділіктерін жоғалтып, айналасындағылардан жырақтайды. Бұл мәселені шешу үшін ата-аналар мен мұғалімдер балалармен ашық сөйлесіп, психологиялық жағдайына мән беріп, олардың дамуына жағдай жасауы тиіс. Сондай-ақ, мектептер мен университеттердегі психологиялық қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіру қажет.

Соңғысына тоқталсақ, енжарлық пен бойкүйездіктің ең көп кездесетін себебі қаржылай қиындықтар екенін жоққа шығара алмаймыз. Кейбір жастар жұмыс табуға түрлі қиындықтарға кезігеді, ал тапқан күннің өзінде айлық табысы төмен жұмыс оларды жігерсіздікке жетелейді. Бүгінде жоғары оқу орнын тәмамдаған жастардың барлығы бірдей өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуы түйіні шешілмеген мәселеге айналып отыр. Бұл жағдай да олардың өмірге деген ынтысын азайтып, болашаққа деген сенімін әлсіретеді. Сонымен қатар кәсіп ашуға немесе өзін дамытуға мүмкіндіктің болмауы да бойкүйездікке алып келеді. Осы тұрғыда мемлекет тарапынан жастардың кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасалып, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері кеңейтілуі тиіс. Арнайы гранттар мен мемлекеттік бағдарламалардың қолжетімділігі жас буынның қаржылық қиындықтарды жеңуіне сеп болатыны күмәнсіз.

Қорытындылай келе айтармыз, жастардың бойкүйездігі – қоғамның үлкен мәселелерінің бірі екені даусыз. Бұл құбылыспен күресу үшін жан-жақты жұмыс жүргізу керек. Мемлекет пен қоғам жастарды қолдауға барынша атсалысуы қажет. Сәйкесінше әрбір жас өзгеден көмек күтуді доғарып, өз өмірін мәнді-мағыналы, белсенді ету үшін алдына мақсат қойып, үздіксіз дамуға ұмтылуы керек. Егер жастардың дамуына дұрыс жағдай жасалса, онда оларды бойкүйездікке түсіретін түрлі себептің де азаятынына сенімдіміз мол.

Аружан ОРАЛБАЙ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАҒА ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық жобасы – қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған ауқымды іс-шара.



Аталған жоба Қызылорда облысында кеңінен қолдау тауып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Елді мекендердің тұрғындары, қоғамдық қызметкерлер, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері іргелес аумақтар мен аулаларды тазартуға атсалысуда. Сонымен қатар тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Көштер отырғызылып, ағаштар әктелді.

Жасыл аймақтарды көбейту және тазалықты сақтау бағытында жергілікті мекемелер белсенді түрде еңбек етуде. «Жасыл Қызылорда» мекемесінің мамандары Қызылорда қаласындағы Н.Назарбаев даңғылы бойында жасыл желектерді күтіп-баптап, көктемгі егу жұмыстарына қызу дайындалуда. Қазіргі таңда топырақтың құнарлылығын арттыру үшін арнайы қонған байыттылған құм төселіп жатыр. Бұл іс-шаралар егілетін өсімдіктердің жақсы өсуіне және қала экожүйесінің жақсаруына ықпал етеді. Жақын арада бұл аумаққа мекеменің жылыжайында бапталған көпжылдық гүлдер отырғызылмақ. Сондай-ақ қала көлемінде арық жүйелерін

тазалау және көгалдарды күтіп-баптау жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде.

Тазалық жұмыстарына «Қызылорда тазалығы» мекемесі де белсене атсалысып, көшелер мен қоғамдық орындардағы қоқыс жинау, абаттандыру жұмыстарын жалғастырып жатыр. Қала тұрғындары мен қонақтарына таза әрі жайлы орта қалыптастыру мақсатында сенбіліктер ұйымдастырылып, шаһар аумағы абаттандырылуда.

Қала аумағында ұйымдастырылған сенбілікке барлығы 24 мекемеден 218 адам қатысып, 20 техника (7 арнайы қоқыс жинайтын техника, 4 трактор, 5 камаз, 4 жүк тиегіш) жұмылдырылды. Нәтижесінде орталық полигонға 120м3 қоқыс шығарылды.

Сырдария ауданы тұрғындары да сенбіліктер ұйымдастырып, жоғары белсенділік танытты. Осылайша «Таза Қазақстан» жобасы аудан орталығы Теренөзек кентінде жалғасын тапты.

Аудан тұрғындарының демалыс орнына айналған «Орталық саябақ», «Тағзым»

алаңы, орталық алаңдағы кіші архитектуралық формалар, кент көшелері мен арықтары тазалану жұмыстары жүргізілді. Жаңаша өзгеріп жатқан «Тағзым» алаңындағы арықтар қайта қазылды. Экологиялық жобаға 500-ден аса адам және 6 техника қатысып, 36 текше метр қоқыс шығарылды.

Айта кету керек, облыс бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық іс-шарасы бас-талғаннан бері облыстың 730 000-ға жуық тұрғыны қатысты. 27 000 тоннадан астам қоқыс шығарылды, 505 сквер мен саябақ, 225 тарихи мәдениет ескерткішінің аумағы, 791 әлеуметтік нысан, 4596 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 322 су нысаны, 47 451 аула мен көше тазартылды.

«Таза Қазақстан» жобасына қатысу арқылы әрбір азамат өз аумағын таза ұстап, қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуге үлес қосады. Бұл шара экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және табиғатты қорғауға бағытталған маңызды қадам.

«АЖ» ақпарат



КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, есімі әйгілі суретші Қайырбай Қонысбайұлы Зәкіровтің 80 жылдығына орай Қызылорда қаласындағы Оқушылар сарайында «Сырдың сырлы бояулары» атты қалалық жас суретшілер байқауының қорытынды шарасы өтті.

СЫРДЫҢ СЫРЛЫ БОЯУЛАРЫ

Салтанатты шараға суретшінің сыныптастары, достары, замандастары, сыйлас інілері қатысып, ел азаматтары Жеңіс Сәдуақасов, Әлібек Сабырбаев, Аппаз Жүсіпов тағылымды өмір жолынан сыр шертті.

Қайырбай Қонысбайұлы осыдан екі айдай уақыт бұрын мәңгілік сапарға аттанып кетті. «Туған жерімнен сурет мектебін ашып, балаларды осы өнерге баулысам» деп мақсат қойған қайраткердің арманына енді артында қалған қабырғалы елі кіріспек. «Ағамның арманын орындау мен үшін – міндет» деген «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы жиынның тізгінін ұстап, өнер қайраткерін ұлықтауға бағытталған шараның мақсатын тілге тиек етті.

– Біз бүгін аға арманының басын бастап отырмыз. Мен ізнен ерген інісі ретінде «Ұстаз мәртебесі» газетінің ұйытқы болуымен Қайырбай Зәкіровтің сексен жылдығына орай «Сырдың сырлы бояулары» атты жас

суретшілер байқауын Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімімен бірге ұйымдастырып, дәл туған күнінде, 25 ақпанда, 80 жасында қорытындысын жасауды жоспарлап, 25 оқушыны марапаттадық, – дейді Нұрлан Көбегенұлы.

Байқау барысында 25 үздік деп танылған туынды шара қатысушыларына ұсынылып, тамашалауға мүмкіндік берілді. Көрмеден Сырдың шырайын түрлі қиялда суреттеген оқушылар кеш қонақтарына ерекше әсер қалдырды.

Ал байқау қорытындысына сәйкес, №9 мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Айлана Құдабай жүлделі I орынды, №198 мектептің 8-сынып оқушысы Диана Қазантай II орынды, ал Мансап мектебінің 11-сынып оқушысы Николь Ли III орынға ие болып, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Айдос МЫРЗАЛЫ



БІЛІМНІҢ ҚҰЛДЫРАУЫ – БІР ҰЛТТЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ

Мұғалім – қоғамның негізгі тіректерінің бірі, білім мен тәрбиенің шырақшысы. Қазіргі таңда Қазақстанда педагог мамандығының маңызы артып, білім беру сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, елімізде 500 мыңға жуық мұғалім жұмыс істейді. Бұл – ел болашағын қалыптастыратын ұрпақ тәрбиелеуге жауапты үлкен күш. Алайда мұғалім тапшылығы, олардың әлеуметтік мәртебесі мен еңбекақы мәселесі жиі көтерілетін тақырыптардың бірі. 2023 жылғы мәліметке сәйкес, педагогикалық бағытта білім алып жатқан студенттердің саны 150 мыңнан асса, олардың ішінде мектепке қарсы орналасатындардың үлесі шамамен 70%-ды құрайды. Бұл – жастардың мұғалімдік қызметке деген қызығушылығының бар екенін көрсеткенімен, салада кадрлық тұрақтылық пен кәсіби даму мәселелерінің әлі де өзекті екенін білдіреді.



Қазақстанда соңғы жылдары педагог мәртебесін көтеру үшін бірқатар реформа жүргізілуде. 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заң мұғалімдердің құқықтарын қорғау, жүктемені азайту және еңбекақыны өсіру бағытында оң өзгерістер әкелді. Осы заң аясында мұғалімдердің жалақысы жыл сайын көтеріліп келеді. 2023 жылғы мұғалімнің орташа жалақысы 320 мың теңгеге жетті. Сонымен қатар, педагогикалық бағытта білім алып жатқан студенттерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап бакалавриаттағы болашақ мұғалімдерге берілетін шәкіртақы 50%-ға өсіп, 66 317 теңгені құрады. Магистранттар үшін бұл көрсеткіш 195 мың теңгеге, ал докторанттар үшін 260 мың теңгеге жетті. Бұл өзгерістер педагогикалық мамандықтарға деген сұранысты арттырып, болашақ мұғалімдерді ынталандыруға бағытталды.

Дегенмен, білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар мен заманауи талаптар мұғалімдерден үнемі дамуды, ізденісті және кәсіби біліктілікті арттыруды талап етеді. Себебі білімнің құлдырауы – бір ұлттың құлдырауы екенін ұмытпаған жөн. Оңтүстік Африка Республикасының Стелленбос университетінің мандайшасында осындай жазба бекітілген. Мұның мән-мағынасын былай түсіндіреді. Дәл осындай жүйенің «құрбаны» болған дәрігерлердің қолынан науқастар өледі, инженерлердің қолымен соғылған ғимараттар құлайды. Осындай жүйеден әділетті аяққа таптаған заңгерлер шығады дейді. Шыңтауына келгенде, мұғалім – барлық мамандықтың тамыры. Осы мақсатта елімізде 2014 жылы «Мұғалім» жобасы құрылды. Жоба мақсаты – мектеп бітіруші үздіктерін мұғалімдік салаға тарту, заманауи ұстаздар буынын тәрбиелеу, мұғалім тапшылығы мәселесінің алдын алу. Еліміздің түкпір-түкпірінде жоба жүзеге асуда. Бүгінде бұл жоба бойынша білім алып жатқан стипендиаттар саны 1700-ге жетті. Ал, Қызылорда облысында 112 студент бар. Сыр бойында жоба қалай басталды?

– «Білім Ыбырай» қоғамдық қорын 2020 жылы аштық. Сол уақытта пандемия алқымнан алып, мектептер онлайн білім беру жүйесіне көшіп, мұғалім мамандығының қадірін ұғындық. Жалпы, осы сала бойынша еліміздегі әлсіз тұстар анық көрінді. Жергілікті кәсіпкерлермен ақылдасып, білім саласындағы пайдалы қор ашуды жөн санадық. Қай сала болмасын оны мықты қылатын ұстаз екені белгілі. Жобаға студенттерді жан-жақтан жинаймыз. Тек аймақ студенттері емес, басқа облыстың да студенттердің тарту арқылы көкжиегі кеңейген шәкірттер қалыптасады деп сенеміз, – деді «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының директоры Нұрбек Серікбаев.

Республикалық «Мұғалім» жобасы аясында құрылған бұл қоғамдық қордың білім беру бағдарламасын тереңірек тарқатсақ. Жоба 4 бағытта дамиды. Біріншісі, кәсіби даму. Бұл бағыт аясында студенттер курсқа бөлінеді. 1-2 курс студенттері университеттен тыс уақытта арнайы платформа арқылы видео-сабақтар көреді және тапсырмалар орындайды. Айдың соңы арнайы емтихан алынып, білім деңгейі сына түседі. Ал, 3-4 курс студенттері қоғамдық қормен келісім-шартқа отырған мекемелерге барып, практикандан өтеді. Мәселен, «Білім-инновация» лицейі, Достық мектебі, 125 high school, т.т. Яки студент екі жыл көлемінде куратор, мұғалімнің ассистенті ретінде білімін жетілдіреді. Бұдан бөлек, студенттердің жеке менторлары университеттегі білім деңгейін басты бақылауға алады.

Екінші бағыт – тұлғалық даму. Бұл бағыт аясында студенттер кітап оқу дағдысын бойына қалыптастырады. Курс болып топқа бөлініп, педагогикалық, психологиялық, тұлғалық және т.б бағытта ай сайын бір кітап оқып, апта сайын кітап талқылауға қатысады. Нәтижесінде студент тек кітап оқып қана қоймайды. Оны жіті түсініп, баяндап, кітап төңірегінде семинар өтіп, сыни ойлау қабілетін дамытады. Сондай-ақ, бұл бағыт аясында айлық семинар өткізіледі. Мәселен, қаладан ауылға көшкен Аралбек Берікұлы спикер болыпты. Ол математика пәні



мұғалімі, Казнаковка орта мектебінің директоры, Ы.Алтынсарин төбелгісінің иегері және 3 кітаптың авторы. Stepper&World баспасының негізін қалаушы Раиса Қадыр сынды танымал тұлғалармен қатар, облыс көлемінде білім мен даму саласында жүрген мамандарды студенттерге шақырады екен.

Келесі бағыт – әлеуметтік даму. Бұл бағыт аясында студенттер жобаның «Мұғалім паспорты» деп аталатын арнайы тапсырмасын орындайды. Мұнда студент өзінің IQ, EQ, PQ, SQ дағдыларын бойына сіңіреді. Бұған қоса, болашақта маман болған сәтінде шәкіртімен қалай дұрыс байланыс орнатуды үйренеді. Қордың академиялық ұжымы бұл бағыт бойынша көп жұмыс істейтін көрінеді. Себебі білім жолында жүрген студенттердің сана сезімі сергек болуы үшін бар күшін жұмсайтындарын айтты. Және оңтүстік аймақ студенттері болып, жылына екі рет бас қосады. Жазғы және қысқы лагерде студенттер білімін жетілдіріп, тәжірибелерімен бөліседі.

Қазіргі мұғалімдерден тек өз пәнін жақсы меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар бірнеше тілді еркін игеруі талап етіледі. Әсіресе, ағылшын тілі – жаһандық білім кеңістігіне жол ашатын негізгі құрал. Бүгінде Қазақстанда үштілді білім беру саясаты енгізіліп, мұғалімдерге қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сабақ беруге мүмкіндік жасалуда. Бұл жүйе педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырып, олардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді. Жобаның соңғы және негізгі бағыты – тіл білімі. Осы мақсатта деңгей бойынша білікті мамандар аптасына үш рет ағылшын тілін үйретеді. Бүгінде аймақ жобасының 20-дан аса студентінде IELTS халықаралық ағылшын тілі деңгейін анықтайтын емтихан сертификаты бар.

Бұдан бөлек, жоба жанынан студенттер арасында құрылған «SoulQyz» қыздар клубы,

«Semser» медиа клубы, «Atrise» жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар клубы, «Invincible» спорт клубы, «Altrum» қайырымдылық клубы жұмыс істейді. Сонымен қатар, ғылым жолында жүрген студенттерден құралған «Aina» жобасы бар. Осы жоба аясында студенттер 3 шығарылымын жарыққа шығарды. Қазіргі таңда, 4-жинақты шығару көзделуде. Жобадағы студенттердің басым бөлігі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылары болған соң, университет жанынан «Ыбырай» педагогикалық ұйымы құрылыпты. Нәтижесінде университет ақылы бөлімде білім алатын қоғамдық қордың стипендиаттарына 25 пайыз оқу ақысына жеңілдік жасаған. Осы орайда, аталған университеттің академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шет елге жиі баратын студенттер осы қоғамдық қордың білім алушылары екенін айта кеткен жөн.

«Білім Ыбырай» қоғамдық қорының студенттерінің белсенділігінің арқасында республикалық «Мұғалім» жобасы аясындағы конкурстардан студенттер жүлделі орындарға иеленген. Спорт бағыты бойынша республикалық болашақ мұғалімдер арасындағы ерлер футбол турнирінен екі рет алтын жүлде, бір рет қола жүлде алған. Ал, оңтүстік аймақ арасындағы турнирден 4 жыл қатарынан чемпиондықты бермей келеді. Ал, волейбол спортынан қыздар арасындағы оңтүстік аймақтық кезеңде 1 рет күміс, 1 рет қоланы еншілеген. Мәдениет бағыты бойынша студенттер «Мұғалім жылдыздары» квн ойынынан республикалық деңгейде күміс жүлде, оңтүстік аймақтық кезеңдерде екі рет алтын, екі рет күміс, бір рет қолыны иемденген. Және білім бағыты бойынша өткен жылы алғаш рет

– «Білім Ыбырай» қоғамдық қоры маған тек қолдау көрсетіп қана қоймай, өзімді дамытуға көп мүмкіндік берді. Жыл студенті атану – мен үшін үлкен жауапкершілік және мотивация. Қордың қолдауымен мен өзімді түрлі бағытта дамытып, жаңа бастамаларға қатысу мүмкіндігіне ие болдым. Қор ұйымдастыратын семинарлар, тренингтер, қалалық іс-шаралар мені жетілдіріп қана қоймай, менің көзқарасымды кеңейтті. Сондай-ақ, жаңа адамдармен танысуға және өзімнің көшбасшылық қабілетімді дамытуға көмектесті. Жыл студенті ретінде мен осы мүмкіндіктерді басқалармен бөлісіп, қордың миссиясын алға жылжытуға барымды саламын. «Ыбырай» – тек ұйым емес, бұл дамуды, білімді және ортақ мақсаттарды біріктіретін орта, – деді Шамиль Сейдахметұлы.

Расында да, ұстаздықты дәріптесе де, бұл түрлі бағытта дамитын студенттерден құралған орта. Білім ордасының бүгінде 17 түлегі бар. Олар аймақ және республика көлемінде мұғалім болып қызмет жасауда. Қазіргі таңда қорда 32 ағылшын тілі мұғалімі, 17 математика мұғалімі, 12 биология мұғалімі, 12 қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 8 информатика мұғалімі, 8 физика мұғалімі, 7 химия мұғалімі, 5 бастауыш пәні мұғалімі, 4 тарих мұғалімі, 1 география мұғалімі және 1 педагог-психолог бар. Бұл статистикаға қарап, 3-4 жыл көлемінде облысымыздағы ұстаздар қатары білікті мамандармен толығыны сөзсіз. Мұны елеген аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қор директоры Нұрбек Досболұлын өткен жылы арнайы алғыс хатпен марапаттаған болатын. Дегенмен, қоғамдық қор мемлекеттік бағдарламалар аясында емес, жергілікті кәсіпкерлер мен игі жақсылардың қолдауымен жүзеге асырылып тілге тиек еткен жөн.

– Бір жылыңды ойласан, егін ек. Он жылыңды ойласан, ағаш ек. Жүз жылыңды ойласан, ұрпақ тәрбиеле деп қазақ бекері айтпаған. Білімге қолдаудың үш жолы бар. Шәкірт болу, ұстаз болу немесе осы екеуіне қолдау көрсететін адам болу. Біз шәкірт болатын уақыттан өттік. Ұстаз болуға біліміміз жетіспейді. Сондықтан екеуіне көрсететін жолды таңдадық. Болашақты тәрбиелеу туралы көптеген әңгіме айтамыз. Олардың көптігі сонша, құлақтар шаршаған. Бірақ көздер әрекеттерге аш. Сол себепті бұл жоба нақты іс-әрекеттерге арналған, – деді «БІҚ» акционерлік қоғамының Қызылорда қаласындағы филиал директоры Айбек Бекбанов.

Білімнің бастауы – ізденіс, ал ізденіске жол ашатын орта – ұстаз бен шәкірт бас қосқан білім мекені. Қазіргі заманның басты талабы – сапалы білім мен бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсатта 2020 жылдан бері өз миссиясын қалтқысыз атқарып келе жатқан «Білім Ыбырай» қоғамдық қоры талай шәкіртке білімнің шамын жағып, олардың болашаққа нық қадам басыуына септігін тигізіп келеді.

Уақыттың сынынан сүрінбей өткен бұл білім ордасы бүгінге дейін жалдамалы ғимаратта жұмыс істегенімен, оның қабырғасынан түлеп ұшқан сансыз түлек өз өмірінің жаңа парағын жарқын болашаққа арнауда. Қордың тұрақты демеушілерінің қолдауының арқасында биыл білім ордасы өз жеке ғимаратына ие болмақ. Алайда, қаржылық қиындықтар құрылыстың қарқынын баяулатуда. Десе де қор қызметкерлері мен шәкірттері бұл күннің де таяу екеніне шынайы сенім білдіреді. Балам дейтін жұрт болмаса, енім дейтін бала қайдан болсын?! Қордың демеушілері Алаш арыстарының ізін жалғастыруда. Сіз де, солардың қатарынан бола аласыз. «Білім Ыбырай» – тек білім ордасы ғана емес, ұрпаққа аманат етілген ұлы мұраттың жаршысы.

Азамат АБИМОЛДА



Басы 1- бетте

ҚАТЫРМА ҚАҒАЗ —

МІНДЕТ ПЕ, МҮМКІНДІК ПЕ?



Ал «Дипломсыз адам болмайсың» дегенді бойына сіңіріп алған, 23 жастағы Мөлдір Қали ата-анасы үшін ғана ЖОО-ға түскен.

— Ата-анам үшін университетке түсу мәртебе, дәреже еді. «Дипломсыз адам болмайсың» деп өсірді. Өзіме қызық емес мамандыққа түстім. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде қызыл дипломмен бітірдім. Бірақ жұмыс іздеп жүргеніме бір жылдан асты. Қайда барсам да, тәжірибем жоқ дейді. Курстастарымның көбі мүлде басқа салаға кетіп қалған. Ал мен өзім шығармашылыққа жақын болдым, — деп Мөлдір ойымен бөлісті.

Екі кейіпкер де жұмыс өтіліміне ерекше тоқталды. Жалпы еңбек нарығында дипломнан бұрын тәжірибе мен нақты дағдылардың талап етілетіні анық. Дегенмен ресми құжаттың орны бар емес пе?

Ернұр Мұратұлы да «Диплом сұрайтындар аз екенін түсіндім» деп пікір білдірді. Яғни, бүгінгі жастар арасында диплом маңызды емес деген көзқарас күшейіп келеді. Бірақ бұл шындық па?

ДИПЛОМСЫЗ ЖҰМЫС ТАБИЛА МА?

Бұрынғыдай «Кому? Что?» алып, жұмыс іздеу өткенде қалды. Қазір арнайы сайттарға өтініш тастауға болады. Солардың бірі — «hh.kz». Тіркеудің, өтінім бердік, күттік. Почтаға түрлі ұсыныс келді. Дипломның жоқ екенін ескеріп, жұмыс ұсынған 3 мекеме болды. Ал құжат жөнінде арнайы хабарласқандар басым түсті. Егер қажет дағдыны игерген болсаңыз, дипломсыз тағылымдамаға қабылдауға дайын екенін айтты. Тәжірибемізді де «айға апарып» қойған едік. Осылайша тым жақсы жас маман болып шыға келдік.

Дипломнан бұрын тәжірибенің бағалануы, әрине, еңбек нарығындағы шындық. Бүгінде халықаралық деңгейдегі табысты компаниялар, тіпті кейбір мекемелер де дипломды басты талап етпейді. HR маман Гүлмира Серікқызы осы жөнінде айтып берді.

— Бізге түйіндемелер көп түседі. Ең бірінші қарайтынмыз — қайда оқығаны емес, қандай дағдылары бар екені. Қазір IT, маркетинг, бизнес салаларында тәжірибесі бар адамға жұмыс көп. Университет бітірген түлектердің басым бөлігі теориялық біліммен келеді, бірақ нақты тәжірибесі жоқ, — деді ол.

Бірақ құжат керек-ақ. Мүлдем ысырауға келмес. Мәселен, өткен жылы Түркістан облысында 500-ге жуық мұғалім жалған дипломмен жұмыс істеп келген. Егер диплом мүлде қажет болмаса, мұндай заңбұзушылық та орын алмас еді.

КӨЗГЕ ТҮСКЕН ҚЫЗЫЛ

Жастармен әңгімелесу барысында бітіруші түлек Үміт Ганиқызының да пікірін білдік.

— Иә, сөзіңізге қосыламын. Трендтегі мамандықтар пайда бола бастағаннан кейін «ЖОО оқудың қажеті жоқ» пікір де айтыла бастады. Себебі әлеуметтік желі арқылы табыс табу үшін сізден ешкім диплом сұрамайды. Бірақ жаңа мамандықтың да өзгермесіне кім кепіл? Қайткен күннің өзінде университеттен білім алу керек. Ондағы тәжірибе, теория мен практика сізге қажет болары сөзсіз. Бірақ диплом бар екен деп қана жүру, ол да қателік секілді. Себебі, ол — тек құрал. Біздің мүмкіндігімізді кеңейтуі ықтимал, десе де бәрін шешпейді, — деді ол.

Студенттің айтуынша, таныстарының арасында дипломның түсіне ерекше мән беретіндер бар.

— Бала кезден үздік оқуға барлығымыз талпындық. Бұл талпыныс

университет қабырғасында да болды. Бірақ бір байқағаным, үздік, білікті, тәжірибелі маман болайын, сұраныстағы жас маман болайын, сол үшін де қызыл диплом алсам дейтіндер азайған. Басым бөлігінің көзі қызылда, дегенмен тек мақтану мен жұртқа көрсету үшін алуды қалайды. Көрдіңіз бе, бұл жерде де әр адамның ойы әртүрлі-ақ, — деп қорытындылады пікір беруші.

Үміттің пікірін тыңдай отырып, қалған жастардың да ойын білуге құмарттық. Қарапайым «иә, жоқ» деген жауаптан құралған онлайн

сауалнама жүргіздік. Негізгі аудиториямыз 19 бен 22 жас аралығында жастар болды. Алғашқы сауал — «Жоғары оқу орнында оқисыз ба?». Қатысқан 58 адамның түгел дерлігі «иә» деген батырманы басты. Яғни, барлығы да болашақ жас маман. Ал келесі сұрақтардың қорытындысы бойынша 58 пайызы басқа салада жұмыс істеуді қалайды екен. «Сіз үшін дипломның маңызы қандай?» деген сұраққа 82 пайыз қатысушы білмеймін деп жауап жазған. Қалған 18 пайызы «Болашағыма қажет, жұмыс істеу үшін қажет, ата-анам апарып беремін, 4 жылғы еңбегімнің нәтижесі» деп жазыпты. Ал құжаттың түсі туралы сұрағанда, 26 пайыз қатысушы қызыл алуды армандайтынын жазыпты, ал 60 пайызы қолыма қандай диплом алсам да жарайды деген жауап жазса, 14 пайызы білмеймінге салды. Біз жүргізген шағын сауалнаманың жауабы осындай.

СҰРАНЫСТАҒЫ САЛА

Еңбек нарығына қайта оралсақ, сұранысы жоғары салалар санатына өзгеріс енгені рас. Егер бұрын заңгер, экономист, қаржыгер мамандықтарына сұраныс көп болса, қазір мүлде басқа бағыттар алдыңғы қатарда. Мысалы, бағдарламалау, киберқауіпсіздік, data science, цифрлық маркетинг, құрылыс және инженерия, логистика және тасымалдау, дәрігер, биотехнолог, генетик пен энергия тиімділігі инженері секілді салаларға маман қажет. Сұраныстағы сала болса да, біліктілікті басты орынға қоятындар бар. Дегенмен бәрін бір өлшеммен өлшей алмаймыз. Мысалы, IT, бизнес, маркетинг секілді салаларда негізгі талап дағды мен тәжірибе. Жұмыс берушілер үшін маңыздысы — сіздің қандай бағдарламаны менгергеніңіз, қандай жобалармен жұмыс істегеніңіз. Бірақ бұл қағида медицина, ғылым, заң және инженерия салаларында жүрмейді. Диплом жөнінде жүргізген сауалда еңбек нарығына байланысты сұрақты да қамтыған едік. Біздегі сауал — «Жұмысқа орналасу үшін диплом қажет пе?». Ал ондағы пайыздық жауаптарға сүйенсек, 51% жас «иә», ал 49% «жоқ» деген жауапты таңдаған.


Бірді айтып, келесіге кетіп жатырмыз. «Жетістікке жету үшін қатырма қағаздың қажеті жоқ» деген ойды сәл талдап көрейік. Әлемдік тұлғалар мұны әлдеқашан дәлелдеп қойған. Мысалы, Билл Гейтс, Марк Цукерберг, Стив Джобс, Генри Форд, Джим Керри, Уолт Дисней сияқты әлемге танымал тұлғалардың ешқайсысында жоғары білім туралы диплом болмаған. Алайда олар бірнеше дипломы бар адамдардан озық шығып, үлкен жетістіктерге жетті. Себебі оларда ынта һәм құлшыныс болғандай. Бірақ әр адамның жолы әрқалай. Біреудің өмір жолына қарап тон пішуге болмайды. Дипломсыз-ақ жетістікке жеткен жандардың тарихы шабыттандырғанымен, бұл білімнің қажетсіз екенін білдірмейді. Көп жағдайда жүйелі білім алу адамның қабілетін ұштап, мүмкіндіктерін кеңейтеді. Табысты болудың жалғыз формуласы жоқ: біреу өзін тәжірибемен шындайды, енді бірі жоғары білім арқылы биікке көтеріледі. Ең бастысы — үздіксіз даму, еңбексүйгіштік және өз ісіңе деген құштарлық.

Ал қатырма қағазға келер болсақ, диплом жетістіктің кепілі емес, бірақ маңызын да шетке ысыра алмаймыз. Барлығы адамның өз таңдауында емес пе? Ал сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

Әлия ТӘЖІБАЙ



4 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ОҚИҒА: ӨЛІМГЕ ШАҚ ҚАЛҒАН ШАҚАЛАҚ



Дүниеге келген 650 грамдық шақалақ. Кейінгі айда әлеуметтік желілерде ерекше бейнежазба кең тарады. Онда кішкентай сәби ақ халатты дәрігердің алақанында бал-бұл жайнап күлімсіреуде. Бір қарағанда жан жылытатын қарапайым көрініс. Бірақ бұл сәттің артында бүтін бір тағдыр, күрес пен кәсіби борыш жатыр.

Бұл оқиға осыдан төрт жыл бұрын орын алған. Дәрігерлер үшін күнделікті жұмыстың бір бөлігі болса да, өмір мен өлім арасындағы сол күрес енді ғана көпшілікке белгілі болды.

Оқиғаны ретімен баяндасақ, Алматыдағы аурухананың біріне жүктіліктің 25 аптасында жас келіншек түседі. Дәрігерлер іштегі нәрестенің жүрек соғысы баяулап кеткенін байқап, шұғыл кесарь тілігін жасауға шешім қабылдайды. Ота сәтті өтеді. Бірақ дүние есігін шақалақ тым әлсіз, өкпесі толық дамымағандықтан, өздігінен тыныс ала алмаған. Әрине, мұндай сәтте әр минуттың қадірі арта түспек.

Сәбидің өмірі үшін күрескен дәрігерлердің бірі неонатолог Берік Алдияров та сол сәтті әлі күнге дейін ұмытқан емес. Себебі анасы бас тартқан 650 грамдық шақалаққа ол 3 айға жуық уақыт күтім жасаған. Дәрігердің айтуынша, анасының құрсағында егіз бала болған. Алайда олардың бірінің жүрегі тоқтап, шетінеп кеткен.

— Алғашқы күндер өте ауыр болды. Әр сағат сайын жүрек соғысын қадағалап, анасының ішіндегідей жылулықты сезіндіру үшін денесін жылыттық. Бірнеше аптадан кейін сәбиіміз күш жинап, өздігінен тыныс алуды үйренді. Біз оның жетістігіне жан-тәнімізбен қуандық. Сол сәтте мен көз жасымды ұстай алмадым, — деді ол.

Сұхбаттарының бірінде Берік Алдияров балаға қатты бауыр басқанын айтты.

— Нәресте біздің бөлімде 2,5 ай жатты. Осы уақыт аралығында орталықтағы әр маман Полинаға бауыр басты. Балаға қажетті заттарды әкеліп, әріптестеріміз де өте жақсы күтім жасады. Бірте-бірте тыныс алу қабілеті қалыпқа келіп, салмағы артты. Жағдайы жақсарған соң, оны нәрестелердің патологиясы бөліміне ауыстырдық. Біз өміріне қауіп төнбеген жағдайда балалар үйіне ауыстырамыз. Бала төрт айға жетпей сол жерге жіберілді. Бір ай өткен соң оны жақсы отбасы



асырап алды. Қазір оның жағдайы өте жақсы. Иә, алғашында сәбиді Полина деп атадық. Қазіргі есімі басқаша екен, — деп бөлісті дәрігер. Әлкиссада айтқандай, бұл оқиға 4 жыл бұрын болған. «Қиын кезеңді өткеріп жүрген адамдарға үміт сыйлау үшін әлеуметтік желіге видеоны жүктедім» дейді Берік.

— Дүние есігін ашқан бойда қиындыққа тап болған кішкентай ғана шақалақтың хикаясы, оның өмір сүруге деген талпынысы мен ынтасы басқа адамдарға үлгі болса екен, — деп қорытындылады ол.

Тақырыпқа қатысты мәлімет болсын, әлемде 15 миллионға жуық шақалақ шала туады. Бұл шамамен жаңа туған нәрестелердің 10 пайызын құрайды. Ал елде жылына 20 мыңнан астам бала уақытынан ерте дүние есігін ашады.

Айта кетейік, Берік Алдияров жуырда «Ел жанашыры» тосбелгісімен марапатталды. Оның адам өмірін сақтаудағы жанқиярлығы қоғамдағы шынайы мейірімділіктің үлгісіне айналды.

Инжу МАРЖАН



РАИСА ҚАДЫР:

«STEPPE & WORLD PUBLISHING»:

БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚША КІТАП ІЗДЕУДЕН ТУҒАН ИДЕЯ

ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ АТАМЕКЕНІМ

«Steppe & WORLD Publishing» баспа үйі Алматыда жеті жыл бұрын ашылды. Баспа үйін ашуға не себеп болды? Сапалы мамандардан құралған команда қалай жасақталды? Кім кеңес беріп, қолдау танытты? Алғашқы аударманы кім жасады? Мұны айтпас бұрын алдымен өзіме аз-кем тоқталайын.

Қазақстан – менің бабаларым өмір сүрген, атамекенім. Елге қоныс аударғанға дейін отбасымызбен көп жыл шетелде өмір сүрдік. Өзім Манголияның тумасымын. Ата-әжем Баян-Өлгейде, ал әкем мен анам Ұлан батырда тұрды. Әкем дипломат болғандықтан оншақты жыл Мысыр елінде өмір сүріп, сол жақта университет бітірдім. Әрі қарай Англияда магистратурада оқыдым. Одан кейін жолдасымның Германияда докторлық диссертациясын қорғауына байланысты сол елге қоныстандым. Оқуымды Нидерландыда жалғастырып, бірнеше жыл Голландияда тұру бұйырды. Кейін балалық шағымыз өткен Манголияға қайтадан тұрақтадық. Мамандығым бойынша саясаттанушы, қаржыгермін.

Ата-анамның жұмыс барысымын бірнеше елге көшуі біздің шет мемлекеттерді көріп, түрлі мәдениеттерді танып, тіл үйренуімізге жол ашты. Қазір қазақ тілінен бөлек манғол, араб, түрік, орыс, ағылшын, неміс тілдерінде сөйлей аламын.

2016 жылы атажұртымыз Қазақстанға қайтылып келдік. Қайтар кезде кітап дүкендеріне кіріп, балаларға арналған қазақша кітап іздедім. «Атамұра», «Алматыкітап» баспасының еңбектерін көрдім, бірақ қазақ тіліндегі аудармалар жоқтың қасы екенін байқадым.

Кітап таппағаннан кейін «онда неге өзіміз қазақшалап шығармаймыз?» деген сұрақ туындады. Бірақ баспа үйін ашу туралы шешімге бірден келген жоқпын. Кейде бір идеялар аз күнде-ақ ұмытылып кетеді. Ал кітап шығару туралы ой бір-екі ай бойы санамнан шықпай қойды. Тіпті түсімде де көремін. Содан кейін нақты шешім қабылдап, кітапты басып шығару ісіне бар ниетіммен кірістім деуге болады.

Бұған дейін баспа саласынан мүлде тәжірибем болмады. Түк білмейтінмін. Қанша жерден «кітап шығарамын» дегеніммен, тіл маманы емеспін. Мектепті орысша оқығасын қазақша да шала. Дегенмен отбасымызда бәрі қазақ тілінде сөйлейтін. Сондықтан бойымда қазақы түсінік пен тәрбие қалыптасып қалған. Қатты патриотпын, кейде мені ультрапатриот деп те атайды. Қазақы ортада емес, басқа елде өмір сүргендіктен ұлттық болмыс, ана тілімізді сақтап қалу керек деген қысым болды. Соның да әсері болған шығар деп ойлаймын.

АЛҒАШҚЫ КІТАПТЫҢ БАСЫЛУЫНА КІМ КӨМЕКТЕСТІ?

2017 жыл. Ол кезде Алматыда тұрмасам да, әлеуметтік желіде белсендімін. Қазақ ағайындармен араласып тұрамын. Бір күні желі арқылы Рауан Кенжеханұлы деген мықты азаматпен таныстым. Мен ол кезде Рауанды Уикипедияны қазақшалап жүрген маман деп естігенмін. Бірде «Кітап баспасын ашқым келеді. Әлемдегі үздік кітаптарды қазақшаға аударып, Қазақстанға апарғым келеді. Бірақ бұл салада мүлде тәжірибем жоқ, жолын білмей тұрмын» деп кеңес сұрадым.

Алла ниетің түзу болса, керек адамды өзі жібереді екен. Рауан Кенжеханұлына әлгі ойымды айтып едім, бірден қолдады. Манголиядан келдім бе, қайдан келдім, онда шаруасы жоқ, «қазақша кітап шығарасын ба, онда көмектесіміз» деді. Еш уақытта ондай адаммен таныс боламын, маған жол көрсететін адам алдымнан шығады деп ойламаған екем. Сөйтсем, Рауан Кенжеханұлы «Ұлттық Аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры болып еңбек етеді екен. Ал бұл қор «Қазақ тіліндегі 100 жана оқулық» жобасын қолға алып, жоғары сұранысқа ие кітаптардың денін ағылшын тілінен тікелей қазақшаға аударумен айналысады. Осылайша баспа саласында үлкен тәжірибесі бар ол командасымен қолдап, алғашқы балалар кітабының жарық көруіне көмектесті.

Ал алғашқы туынды «Ақын қоян» мен «Груфаллоны» журналист, аудармашы Ғалым Боқаш қазақ тіліне аударды. Ғалым ағаның арқасында қазақ тіліне ғашық болдым. «Груфаллоны» оқып көрдіңіздер ме? Он рет емес, тіпті жүз рет қайталап оқи бергің келеді. Біз шығарған 150 кітаптың ішіндегі ең күштісі осы деп айтар едім.

ДАЛА МЕН ӘЛЕМДІ ЖАҚЫНДАТҚЫМЫЗ КЕЛДІ

Осылайша «Steppe & WORLD Publishing» баспа үйі өз жұмысын бастап, алғашқы туындыларымыз жарық көре бастады. «Steppe» – дала, «world» – әлем деген мағынаны білдіреді. Әлеммен даланы жақындату мақсатында осындай ат қойдық. Ал логотипке дархан даланың белгісі – күн, жел, акбөкенді бейнеледік.

Әлем әдебиетін аудару үшін автормен алдын ала келісіп, авторлық құқық сұраймыз.

Рұқсатсыз ешбір кітап шықпайды. Германияның Франкфурт қаласында жылына бір рет өтетін кітап көрмесі болады. Аукымды шараға авторлар, автордың агенттіктері, әлемнің ең үлкен баспа үйлерінің өкілдері арнайы барады. Сол жерде кітап басуға келісіп, авторлық құқықты сатып аламыз. Мен алғаш барған кезде олар «Қазақстан деген қандай ел?», «қазақ тілі бар ма?» деп аң-таң болатын. Ал кітап таңдау үшін балаларыммен ақылдасамын. Өйткені бұл жұмысты солар үшін жасаймын.

ХӘРРИ ПОТТЕРДІ ҚАЗАҚШАЛАУДАН КӨБІ БАС ТАРТТЫ

Манголиядан Қазақстанға көшер уақытта Хэрри Поттердің авторлық құқығына қол жеткіздік. Рұқсатын алып алдық. Енді қайтем? Кім аударарды?

Хэрри Поттер – толық 7 сериядан тұратын шығармалар жинағы. Мыңдаған беттік дүние.

Содан кейін Facebook-ке «аудармашы, редактор керек» деп хабарлама жасаймын. Қазақ әдебиетінде еңбек етіп жүрген ағаларға жазамын, «редактор боласың ба?» деп. Бәрі бас тартты. Бір жағы мұндай танымал кітапты аударуға қорықты ма екен, бір жағы балалар әдебиеті деп менсінбеді ме екен. Кейбір үлкен жазушылар балалар әдебиетіне біртүрлі қарап, менсінбейтіні бар. Олар трагедияны, салмағы ауырлау әдебиетті жақсы көретін секілді.

Содан кейін редактор Назгүл Қожабек «бұл жобаны мен ғана жасай аламын. Басқа ешкім жасай алмайды, жасамайды да» деп Facebook-тен хат жолдады. Шыныммен солай екен. Көбі ондай жұмысқа шыдамайды. Редактор – бүкіл жобаны басқарып отыратын адам. Аудармашыларды да өзі таңдайды, қатесін де өзі тексереді. Мен жұмысты ұйымдастырып, жалақысын беріп, жағдайларын жасағаныммен, кітапты кітап қылып шығаратын адам – редактор. Назгүл ол кезде «Ұлттық аударма бюросында» шеф-редактор болып жұмыс істейтін. Жұмысынан шығып, бізге келіп, бірлесіп еңбек кеттік. Аудармашылардан құралған жақсы команда қалыптастырды.

Бұл жұртты шулатқан кітап болды. Хэрри Поттер 7 кітаптан тұрғанымен, қосымша 3 кітабы бар. Оның барлығын аударуға 3 жыл кетті. Көбі «неге Гарри емес, Хэрри?» деп сұрайды. Түпнұсқандағы Harry деген есім қазақшада Хэрри болып оқылады, ал Гарри деп айту үшін Harry болып жазылуы керек.

БАЛАНЫ КІТАПҚА ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Қазақша кітап шығаруға келгенде көбінде немқұрайлылық бар. Менің және команданың ұстанымы: «Балаларға кітап шығарып жатқан кезде біз өте үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Оның ішінде қате болмауы керек, қызық болуы қажет». Біздің кітаптарда бұзақылық сипатталатын оқиғалар, әдейі қатемен жазылған кітаптар бар. Мысалы, біз басып шығарған «Итбастың» мақсаты – балаға кітаппен дос болуды үйрету. Оның 4 сериясы шықты, ал өзі 12 сериядан тұрады.

Комикс кітапта суреттерге қарап отырып бала мәтіндерді тез оқып бітіреді. Ал мәтіндегі «кәтелерді» көріп, қателесудің қалыпты жағдай екенін түсінеді.

Біз көбіне белгілі бір ережеге сүйенетін консервативті қоғамбыз. Балаларға үлкен кітаптарды беріп қоямыз, олар оны оқығысы келмейді. Көп мәтінді көргенде қызықпайды, қашады. Күлкілі әрі оқиғасы қызық кітапты бергенде 1-2 күнде бітіріп тастайды. Балада «мен кітапты аяқтадым, соңына дейін оқи аламын» деген сенім пайда болады. Қорқынышын жеңеді.

Балалардың бәрі бірдей кітапқа қызықпай болмайды. Сондықтан мен де кейде 10 жастағы баламды қызықтырып, өзім де бірге оқимын. Күніне 20 минутын кітапқа арнайды. Кейде «сен бір парақ оқы, мен бір парақ оқимын» деп шарт қоямын. Баланың жанында отырып, бірге оқыған өте маңызды. Кейде «осыны оқып бітірсен, мынаны алып беремін» деп те ынталандыруға болады.

«Кітап шығару табысты бизнес пе?» деген сұраққа келсек. Кітап шығады, түскен пайданы келесі кітапқа саласын. Шетелден зат әкеліп, алып сатумен айналыссаң, жылдам пайда түседі. Мұндай саудамен салыстырсақ, кітап басу жақсы сауда емес. Біз тек кітап сататын дүкен емеспіз ғой. Алдымен шығарманың авторлық құқығын сатып аламыз, редактор, аудармашы, корректор, беттеуші, дизайнермен келісеміз, жалақысын төлейміз. Баспаханалар да қаржы жұмсалады. Салық та бар. Соның бәрін ойлап қарасақ, тиімді бизнес деп айта алмаймын.

«Кітап оқудың пайдасын айттық. Ал зияны болуы мүмкін бе? Себебі трагедиялы кітаптар адамға әсер етуі мүмкін. Таңдап оқу керек пе?» деген сұраққа келсек, Тік-Ток-тан шығатын жағымсыз бейнежазбалардың қасында кітаптағы оқиғалар түк емес. Кітап оқу арқылы сөздік қор қалыптасады. Сыни ойлау қабілетін жақсартады. Оқиғаларға басқа адамның ойы, көзқарасы қалай болатынын білеміз. Кітап оқу – медитация. Кітап оқудың зияны болады деген ұғымды мүлде қабылдай алмаймын.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Үздік әдеби туындыларды қазақ тіліне аударып, сапалы кітаппен қуантатын қазақстандық баспа үйінің бірегейі – «Steppe & WORLD Publishing».

Баспа үйінің өз тарихы бар. Қазақстанға 2016 жылы қонаққа келген Раиса Қадыр балаларына сыйлыққа апаруға қазақша кітап іздейді. Бірақ қалада мұндай шығармалар өте аз екенін байқайды. Өзі-туып өскен Маңғолияға оралғанымен «қазақша кітап шығаратын баспа үйін ашу керек» деген ой тыным бермейді. Ал 2019 жылы отбасымен Қазақстанға қоныс аударып, «Steppe & WORLD Publishing» баспа үйінің негізін қалады.

Жеті жылдың ішінде 150-ге жуық қазақша кітап басылды. Бұл туындылардың 80 пайызы балаларға арналды. «Қазақша кітап оқи алмаймыз» деп жүргендердің өзі өдемі дизайнмен көз тартатын бұл туындыларды қалай оқып бітіргенін байқамай қалады. Басты себеп сапасында болса керек. Кітап мәтінінің түсініктілігі сондай аударма екенін де естен шығарасың, бояуы қанық, оқуға жеңіл.

Раиса Қадырдың ел игілігі үшін атқарған еңбегі ескеріліп, былтыр «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ал биылдан бастап баспагер Ұлттық құрылтай мүшесі атанды.

Қызылордаға алғаш рет келген Раиса Қадыр «Аяулым» орталығында оқырмандармен кездесті. Сондықтан кездесу барысындағы сұхбатты сторителлинг әдісімен беруді жөн көрдік.



Бүгінде Сыр елінің спорттағы бәсі әлдеқайда биік. Кез келген түрінен болмасын ойып тұрып алар орны бар. Соған тағы бір дәлел – грек-рим және еркін күрестегі жетістіктер. Осындай бір жағымды

жаңалық жуырда ғана Алматы қаласынан жетті. Арал ауданының үш бірдей палуаны ел біріншілігінде топ жарып, үздік нәтиже көрсеткен.

Нақтыласак Алматы қаласында U-20 және U-17 жастар арасындағы Қазақстан чемпионаты өткен-ді. Грек-рим күресінен 60 кг салмақта сыңға түскен Алпамыс Болатұлы қарсылас шақ келтірмей, барлығын айқын басымдықпен жеңіп, Қазақстан чемпионы атанды. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының спорт шебері» нормативін сәтті орындап шықты. Алпамыс – жас болса да, көптеген жетістікке жеткен дарынды спортшы. Ол U-17 жасөспірімдер арасында 2024 жылғы Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, U-15 санатында 2022-2025 жылдар аралығында төрт дүркін Қазақстан чемпионы атанып үлгерді. Қазір ол Астана қаласындағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мектеп-интернат-колледжінде білім алууда. Ал осы біріншілікте 97 келіде еркін күрестен сыңға түскен Айбат

АРАЛДЫҚ ПАЛУАНДАР ТОП ЖАРДЫ

Ибрайым ше? Айбатқа бұл жарыста қола жүлде бұйырды. Көптің көзіне түсіп, сәтті өнер көрсеткен спортшы бұған дейін де ҚР чемпионатында үздіктер қатарынан көрініп үлгерген. Бүгінде ол Алматы қаласындағы «Олимпиада резервінің республикалық

мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде студенті. Арал ауданының грек-рим күресінен тағы бір мақтанышы – Мирас Махамбет. Қола жүлдені қанжығасына байлаған ол – «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мектеп-интернат-колледжінде» 10-сынып оқушысы. Бұған дейін Арал

ауданына қарасты Аралқұм ауылындағы №61 орта мектепте білім алған. Спортшылардың бапкерлері – Дәурен Кегенбаев – Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің Республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде жаттықтырушысы. Ал Талғат Қожекенов, Бахтияр Төлебаев, Әліби Болатұлы, Ардақ Танатаров – №19 аудандық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жоғары санатты бапкерлері. Кез келген мықты спортшының артында мықты бапкер тұратыны анық. Бұл жеңістер спортшыларды күн-түн демей жаттықтырып, қайрап отырған бапкерлердің қажырлы еңбегінің жемісі. Сондықтан қалай мақтасак та жарасып-ақ тұр.

Жуырда Сыр халқы жергілікті «Қайсар» футбол клубының жаңа құрамымен танысты. «Достық» үйінде өткен іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов арнайы қатысып, «Қайсар» футбол клубының жаңа маусым ойындарына сәттілік тіледі. Өткен жылы «Қайсар» футбол командасының құрамында 11 легионер өнер көрсеткен. Осы ретте аймақ басшысының бастамасымен елімізде алғашқылардың бірі болып команда легионерлерсіз жасыл алаңға шығады.

«ҚАСҚЫРЛАРДЫҢ» ЖАҢА ҚҰРАМЫ ЖАНКҮЙЕРЛЕРГЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қазіргі таңда «Қайсар» командасының құрамындағы 25 футболшының 6-ы команда сапына жаңадан қосылған ойыншылар. Олардың арасында Қазақстан құрамасының ойыншысы Айбол Әбікен, ел чемпионатының 8 дүркін жеңімпазы, тәжірибелі қақпашы Александр Мокин, Қазақстан жастар құрамасының футболшылары Роман Божко, Никита Губарев, Нұрдуәлет Ағзамбаев, Жалғас Жақсылықов бар.



– Аймақ басшысының бастамасымен «Қайсар» футбол клубы легионерлерсіз, яғни жергілікті футболшылармен жаңа маусымды бастайды. Осы бастама арқылы футболшыларымыздың жасыл алаңдағы деңгейін арттыруға және олардың жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіне жол ашылады деп сенеміз. Осы жылы өтетін чемпионаттарда «Қайсар» бар мүмкіндігін пайдаланып, жанкүйерлерді қуантады деп сенеміз. Бұл ретте, футбол клубының білікті бапкері Виктор Кумыковқа үлкен жауапкершілік жүктелді. Сондықтан футболшыларымыз жерлерістерін жеңістермен қуантады деп ойлаймын. Облыстың спорт саласын қарқынды дамыту аясында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Әсіресе, облыс әкімінің қолдауымен аймағымызда заманауи үлгідегі спорт кешендері салынып, ел игілігіне табысталууда. Соның бірі – Қызылорда қаласының сол жағалауында құны 20,9 млрд теңгені құрайтын 11 мың орындық жаңа стадионның құрылысы қарқынды жүруде. Сондай-ақ, өткен жылы Қазақстан футбол федерациясының «ALAN» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласындағы Ф.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Осындай игі жұмыстардың нәтижесінде спортшыларымыз биік белестерді бағындырады деп сенемін, – деді облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Аскарұлы. Мерекелік жиында облыс әкімінің орынбасары футболшыларға жаңа жейде табыстап, ойыншылармен естелік суретке түсті. Шара мерекелік концертпен жалғасты. Еске салайық, кезекті ел біріншілігіне Қызылорданың «Қайсары» тыңғылықты дайындалды. Түркияда екі оқу-жаттығу жиынын өткізіп, Еуропаның 10 командасымен шеберлік шыңдады. «Қасқырлар» Қазақстан чемпионатындағы алғашқы кездесуін 2 наурызда астаналық «Жеңіске» қарсы бастайды. Кездесу Ф.Мұратбаев атындағы орталық стадионда өтеді. Шыңғынды құрамында бірде-бір легионері жоқ елдегі жалғыз команданың осы жылы қандай нәтижеге қол жеткізіп, қай орына тұрақтайтыны беймәлім. Сондықтан бапкер мен ойыншыларға артылатын жүк жеңіл емес. Бастысы жанкүйер арқан сенімді ақтай білсе деген тілегіміз бар.

ЖАУЫНГЕР АТЫНДАҒЫ ЖҮЛДЕ САРАПҚА САЛЫНДЫ

Сыр халқы үшін футбол спортының маңызы ерекше. Соның ішінде әуесқой аяқдошылардың аламына ат басын бұратындардың қарасы қалып. Бұған дәлел – жыл сайын ұйымдастырылатын жауынгер-интернационалист Батыржан Шалғынбаевты еске алуға арналған футболдан республикалық дәстүрлі турнир. Ақпан айының 22-23 ақпан күндері өткен бәсеке биыл – 29-шы рет шымылдығын түріп отыр. Мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен аламанға түсетін 32 команда өзара бақ сынады. 500-ге жуық спортшының басын біріктіретін турнирдің атауы республикалық демесеңіз, командалардың құрамына қарап, халықаралық деңгейдегі жарыстан кем емес екендігін аңғарамыз. Өйткені, басым көпшілігі Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Ресейден арнайы келген. Ал еліміздің Алматы, Астана, Қарағанды, Түркістан, Шымкент, Жамбыл, Ақтөбе, Атырау облыстары мен жергілікті ойыншылар бәсекені көркін қыздырды. Екі күнге созылған аламанның басы-қасында жүріп, барлығын көзбен көрдік. Ендеше, көрермен алған әсерді қалың оқырманға жеткізбелік.



Жарыстың алғашқы күні 8 топқа бөлінген командалар «Евразия», «Сейхун», «Абылайхан» және «Шанхай» мөлтек ауданындағы спорт кешендеріне бөлініп, топтан бірінші және екінші орынмен шығу үшін тартысқа түсті. Ауқымды шараны ашу үшін Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов, Батыржан Шалғынбаевтың інісі Батырбек Шалғынбаев және ауған соғысының ардагерлері арнайы «Евразия» спорт кешеніне ат басын бұрды. – Батыржан Шалғынбаев ағамның атындағы футболдан дәстүрлі турнир биыл да жалғасын тауып отыр. Турнирдің маңызы – жастарды отан-сүйгіштікке баулу және спортқа шақыру. Қазіргі таңда елге белгілі әуесқой спортшылардың барлығы дерлік Сыр елінде. Одан қала берді өзге елдердің де кіл сен тұр мен атайын спортшылары осында. Сәтін салса келер жылы 30-шы турнирдің бұдан да ауқымды көлемде ұйымдастыратын боламыз. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, шын мықты жеңімпаз атансын, – деді Батырбек Шалғынбаев. Қонақтардың жылы лебізі, командаларға деген ақ тілегінен соң қалың көрермен тартысты ойындардың куәсі болды. Алғашқы күні-ақ мықтылар суырылып алға шығып, кешкілік 1/8 ойындарына да куә болып үлгерді. Бәсекенің екінші күні де келіп жетті. Таңсәріден «Евразия» спорт кешеніне асыққан көрерменде есеп жоқ. Сағат 9:00 болды дегеннен зал лық толды, адам аяқ басар жер азайды. Бұл уақытта 10:00-дегі алғашқы ойынға келетін ойыншылардың өзі мұнда бас сұғып үлгермеген. Уақыт таяп, кейде кінген жігіттер алаңға шықты дегеннен көрермендер шулап қоя берді. Жергілікті қос команда «Альтимус» және «ҚазгерМұнай» аяқдошылары 40 минут алаңда күш сынасып, барлығы пенальти сериясында шешілді. Нәтижесінде жолдамасы



«Альтимус» командасына бұйырды. Дәл осылай «Adam Arafat» пен Кентау, Қожамберді мен Биосфера, «Qazaq motors» пен «Muslim» командалары жартылай финалға деген жорық жолында жанкүйерлерге тартысқа толы ойын көрсете білді. Билығы турнирдің басты жаңалығы – «Альтимус» командасы болды. Тіпті жергілікті көпшілік те бұл құраманың ақтық сыңға жететініне күмәнмен қарады. Бірақ доптың домалақ екенін дәлелдеген жігіттер жартылай финалда 2023 жылы турнирдің чемпиондары атанған «Adam Arafat» командасын 2-3 есебімен тізе бүктірді. Ал бұған дейін әуесқойлар арасында футболдан Қазақстан чемпионы болып үлгерген «Muslim» аяқдошылары Қожамберді командасына қола жүлдені қанағат қылуға тура келетінін түсіндіргендей болды. Финал. Соңғы қадам. Кіл мықтыларды артақтастаған жігіттер сақадай сай. Көрерменнің ыстық қошеметінен соң барлығы алаңдағы ысқырықтың шалынғанын күтіп тұр. Төресілер Дидар Сахиұлы мен Жандос Мнажадин-

нің пәрменінен соң көпшілік күткен ақтық сын басталды. Аә дегеннен алаңдағы басымдықты қолдарына алған «Альтимус» командасы алғашқы кезеңде 3-2 есебімен алға шықты. Алайда екінші кезеңде барлығы күрт өзгеріп сала берді. «Muslim» аяқдошылары дер кезінде ес жиып, есепті 5-3-ке жеткізді. Осылайша жауынгер-интернационалист Батыржан Шалғынбаев атындағы турнирдің жеңімпазы атанып, 5 миллион теңгені қанжығасына байлады. Сондай-ақ, екінші орын алған құрамаға 2 миллион, қола жүлдеге 1 миллион және үздік төрттіктен көрінген командаға 500 мың теңге сыйға тартылды. Екі күнге созылған бәсекенің «Үздік қақпашы» бағамына «Adam Arafat» командасының қақпашысы Нұралем Байдулла лайық болса, «Үздік қорғаушы» бағамы «Альтимус» командасының қорғаушысы Жаблон Анарвоқа бұйырды. Сондай-ақ «Үздік шабуылшы» – Қожамберді командасының шабуылшысы Олжас Тайбасаров және «Үздік ойыншы» бағамына «Muslim» командасының ойыншысы Александр Сахацкий лайық деп танылды. – Бұған дейін құрама жігіттерімен Ақтау қаласында өткен Қазақстан чемпионатына барып, басты қубоқты Сыр еліне алып келгенбіз. Бұл жолы да шын мықтыға тұсау жоқ екенін дәлелдедік. Жолымызда талай мықты спортшылармен күш сынастық, тіпті өзге елдің азаматтары да болды. Бірақ бұл – спорт. Бұл – футбол. Яғни, өзіне берілген уақыттың ішінде қолыңнан келген айла-тәсіліңді жасайсың, одан кейінгісі кеш болады. Шын қуаныштымын. Әлі талай додаларда топ жаратын боламыз, – деді «Muslim» командасының ойыншысы Нұржан Абдралилов. Міне, Сырдағы футболға қызығатын жігіттердің 22-23 ақпандағы демалыс күндері «Евразия» спорт кешеніндегі турнирді тамашалаумен өтті. Барлығы риза. Жыл сайын асыға күтетін жарыстың алдағы уақытта деңгейі бұдан әрі өсетініне күмән жоқ. Бастысы, көрермендерге сыйлайтын кереметі көп болсын!

Бетті дайындаған
Нұр БАҚЫТ



АЛҒЫС

Бірліктің сөнбеу үшін мәңгі ұшқыны,
Татулықтың сезілін жанға ыстығы.
Көктемнің күлімдеген ең алғашқы
Ақ жүректен шығатын алғыс күні.

Тарихта қанша дұшпан салды сойқан,
Алқымнан тұншықтырып алды сайтан.
Солардан ел мен жерді сақтап қалған,
Ержүрек бабаларға алғыс айтам!

Асқар тау әкелерім қарлы шынды,
Аналар мөлдір бұлақ, ар мүсінді.
Ұл-қыздан үміт күтіп мәпелелеген,
Ата-анама айтамын алғысымды!

Айтқаны бұлжымайтын жарғы сынды,
Ұқтырған дүниені мәнді, сырлы.
Ұлағат дәнін сепкен ұстаздарға,
Айтамын басымды иіп алғысымды!

Достарым, туыс, көрші, асыл биік,
Көтеріп сыйластықтың бәсін биік.
Бәріңізге, жасыңыз, кәріңізге,
Айтамын алғысымды басымды иіп!

Әсел **ТОҒЫЗБАЙ**

1-бетте



**Рамазан -
рақым айы**

Яғни, таң сәресінен күн батқанша ішіп-жеуден, түрлі жаманшылық атаулыдан өзін пәк ұстап, күнә істерден бой алыстатады және сабырлық, мейірімділік, қанағатшылдық секілді қасиеттерге иелік етеді.

Енді оразаның мағынасына тоқталайық. Оразаның сөздікте «бір нәрседен алыстау» ал, шариги мағынасы «ораз астауға күші жеткен адамның ниет етіп, екінші шапақтан бастап, күн батқанға дейін оразаны бұзатын нәрселерден сақтану және белгілі бір уақыт ішіп-жеуден, нәпсі қалауларынан

тыйылу» дегенді білдіреді. Демек ораза адамға ең алдымен ішіп-жеу мен құмарлық сезімдерден сақтану парыз болып табылады. Оразаның күнделікті уақыты таңның атуынан күннің батуына дейінгі аралықта жалғасады. Алла тағала былай дейді: «Таңнан, қара жіптен ақ жіп (қараңғылықтан сәуле) ажыратылғанға дейін ішіндер, жеңдер, сосын оразаны кешке дейін ұстандар» («Бақара» сүресі, 187-аят) Оразаның негізгі шарттары мұсылман, балиғат жасына толған әрі ақыл-есі түзу болу, ораза ұстауға күші жету және тұрғын болу. Иә,

ораз астау әрбір мұсылманға парыз. Ал бала мен ақыл-есі ауысқан, талған адамға немесе мас адамға ораза ұстау парыз емес. Бұлардың санасы толық болмағандықтан, мұндай әмір оларға жүктелмейді. Сондай-ақ, науқас немесе жолаушыларға да ораза парыз емес. Алайда ораза ұстаса, оразасы дұрыс. Ал ораза ұстамаса, басқа күндері оразасының қазасын өтейді. Құранда бұл жөнінде былай делінеді: «Ораза санаулы күндерде. Кімде-кім науқастанса яки жолаушы болса, басқа күндері өтесін» («Бақара» сүресі, 184-аят)

Ораза тұтып, бос сөз бен орынсыз әдеттерден тыйылып, ауызашарда судың әдеттегіден де тым тәтті екенін сезінген жан Рамазан айының ерекшелігін ұғына түсетіні рас. Тек әдепті сөз, жақсы амалдар бір аймен ғана шектеліп қалмаса дейміз. Өз сөзіңе қарауыл қойып сөйлеу, көркем мінез бен ізгі амалдар жасау Рамазаннан кейін де жалғаса тіпті ғажап емес пе? Ендеше бұл ай ор адамның рухани тазарып, толысатын айы болсын.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ



Коллаж «АЖ»

**Ұлт бірлігін нығайтқан
Ұлы даланың мейірімі**

1-бетте

Жат елге айдалғандардың арасында қарттар, әйелдер мен балалар көп болған. Олар үшін бұл, әрине, ауырсапареді. Алайда өздеріде ашаршылық пен қиындықтарды бастан кешіріп отырған қазақ халқы оларды бауырына басып, бір үзім нанын да бөліп берді. Бұл – халқымыздың дархан көңілі мен бауырмалдығының айқын көрінісі. Кейіннен осы этностар егін егіп, мал

бағып, ел экономикасына үлес қосты. Көшіп келгендердің арасында ғалымдар, дәрігерлер, инженерлер, мұғалімдер, суретшілер мен музыканттар да бар еді. Уақыт өте келе олардың ұрпақтары да Қазақстанның ғылымы мен мәдениетіне, өндірісі мен спорттына елеулі еңбек сіңірді. 1957 жылы Кеңес үкіметі қоныс аударылған халықтарға өз Отандарына оралуға рұқсат берді. Алайда олардың басым бөлігі Қазақстанда қалууды жөн көрген. Себебі қазақ халқымен біте қайнасып, туғанындай сіңісіп кетті. Бүгінде Қазақстан 100-ден

астам ұлт пен ұлыстың ортақ шаңырағына айналды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекетіміз этносаралық татулықты нығайтуға ерекше көңіл бөліп, 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Сол уақыттан бері елдегі түрлі этностардың мәдениеті мен салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасалды. Қазіргі таңда еліміздегі әрбір этнос өкілі ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, ортақ қоғамның ажырамас бөлігі ретінде өмір сүруде.

Алғыс айту күні тек өткенге тағзым ету емес. Бұл бүгінгі ұрпаққа үлкен тағалым беретін мейрам, адамдардың бір-біріне ризашылық білдіруі арқылы мейірімділік пен жақсылық жасауға үндейтін ерекше сәт. Бүгінгі міндет – осы құндылықтарды қастерлеп, келер ұрпаққа татулық пен ынтымақтың туын жоғары ұстауды тапсыру. Себебі бейбітшілік пен бірлік – біздің ең қымбат байлығымыз!

Ә.ЖАНӨБЛҚЫЗЫ

«Сабактан қашқан кім? Сөмкеге бақа салып қойған кім?» Қазақ киносының алтын қазынасына айналған «Менің атым – Қожа» фильміне биыл – 62 жыл. Кеңес дәуірінде түсірілген бұл туынды балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақпаевтың повесі негізінде таспаланып, қалың елдің сүйіспеншілігіне бөленген еді. Алдағы уақытта көрермен «Қожа. Жаңа саяхат» фильмін тамашалай алады.

**ҚОЖА
ҚАЙТА ОРАЛДЫ**

Жаңа фильмінің басты ерекшелігі – оның түпнұсқа оқиға желісін қайталамай, жаңа заманға сай жалғасын ұсынуы. Көрерменнің есінде балалықтың символы болып қалған Қожа енді қалай бейнеленбек?

Киноның басты кейіпкерін сомдауға Түркістан облысында туған 15 жастағы Айқын Елубай таңдалған. Оның түр-әлпеті ғана емес, жүріс-тұрысы, мінезі де 1963 жылғы Қожаға қатты ұқсайды. Бұл сәйкестік шығармашылық топ үшін үлкен олжа болды. Ал Айқынның өзі алғашында әншілердің бейнебаяндарына түскен қарапайым бала еді. Алайда «Қожа» ролі оны кәсіби кино әлеміне жетеледі.

– Басында кино оңай деп ойлайтынмын. Бірақ түсірілім барысында оның қаншалықты күрделі процесс екенін түсіндім, – дейді жас актер сұхбатының бірінде.

Фильмнің түсірілуіне оқыту орталығы себепкер болған. Бастапқыда олар балаларға арнап «Менің атым – Қожа» фильмінің эпизодтарын шағын видеолар ретінде жаңғыртқан. Алайда көрермен тарапынан үлкен қызығушылық туындап, толық

метражды фильм түсіруге сұраныс арта түсті. Осылайша, 1,5 ай ішінде 1,5 сағаттық жаңа кино таспаланған.

– Ең алғашқы шағын роликтеріміз бір күнде миллионнан астам қаралым жинады. Екі күннің ішінде 2 миллионнан асып, көрермендер «Толыққанды фильм қашан?» деген сұрақты жиі қоя бастады. Осыдан кейін біз жобаға кірісіп кеттік, – дейді шығармашылық топтың жетекшісі Садық Шерімбет.

Режиссер Қуат Ибрагим сұхбаттарының бірінде фильмді түсіреміз деп айтқаннан кейін 2 айға жуық ұйықтай алмағанын жасырмады. Расымен, бұл – үлкен жауапкершілік. Себебі «Менің атым – Қожа» қазақ киносының биік туындысы ғана емес, сонымен қатар бірнеше буынды тәрбиелеген фильм.

Ал сіз Қожаның шынымен де бақаны жұтып қойғанын білесіз бе? Бұл туралы фильмдегі Сұлтанқызы сомдаған Марат Какенов «Таңшолпан» бағдарламасында айтқан еді. Туынды 1957 жылы жазылып, 1963 жылы кино-картина

болып экраннан көрерменге жол тартты. Ал 1967 жылы «Менің атым – Қожа» француздың әйгілі Канн фестивалінде «Балаларға арналған ең үздік шетел фильмі» номинациясын жеңіп алды. Ендігі сауал, бұл фильм көрерменнің көңілінен шығып, жаңа буын үшін Қожаның образын қайта жаңғырта ала ма? Бұл сұрақтың жауабы 13 наурызда белгілі болмақ. Ал сіз, оқырман, Қожамен бірге жаңа саяхатқа дайынсыз ба?

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



Коллаж «АЖ»

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 6897
Тапсырыс: 337